

Қазақстан Республикасының Парламенті

Қазақстан Республикасының Заңы
2002 жылғы 7 наурыз № 300-ІІ

Парламент Республики Казахстан

Халықаралық электр байланысы одағының Жарғысы мен Конвенциясына Түзету құжаттарын бекіту туралы

Киотода 1994 жылғы 14 қазанда жасалған Халықаралық электр байланысы одағының Жарғысы мен Конвенциясына Түзету құжаттары бекітілсін.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

Ескерту. Нормативтік құқықтық актіге қоса тіркелген халықаралық Конвенцияның мәтіні ресми болып табылмайды. ҚР халықаралық Конвенциясының жасасқан тілдердегі ресми куәландырылған көшірмесін ҚР халықаралық Конвенцияларды тіркеуге, есептеуге және сақтауға жауапты ҚР Сыртқы істер министрлігінен алуға болады

**Халықаралық электр байланысы
одағы өкілетті конференциясының
Қорытынды актілері**

(Киото, 1994 ж.)

**Халықаралық электр байланысы одағының
Жарғысына түзету құжаты
(Женева, 1992 ж.)**



Халықаралық электр байланысы одағының Конвенциясына түзету құжаты (Женева, 1992 ж.)

ISBN 92-61-05524-9

Женева, 1995 ж.

ҚОРЫТЫНДЫ АКТІЛЕРДІҢ ЖОЛАҚТАРЫНДАҒЫ НОТАЦИЯЛАРҒА ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Жарғы мен Конвенция мәтіндерінде (Женева, 1992 ж.) жасалған өзгерістерді түсіндіру үшін мынадай шартты белгілер пайдаланылады:

ЖЕК	= жаңа ережені қосу
ӨЗГ	= бар ережені өзгерту
(ӨЗГ)	= бар ережені редакциялық өзгерту
ӨЗГ-СІЗ	= өзгеріссіз ереже

Осы белгілерден кейін бар ереженің нөмірі келеді. Жаңа ереже (ЖЕК белгісі) соңынан әріп келетін көрсетілген нөмірге сәйкес келетін, соның орынға қосылады.

(С) ХЭО 1995

Барлық құқықтар сақталады. Бұл жарияланымның ешбір бөлігі ХЭО жазбаша рұқсатынсыз ешқандай нысанда және ешқандай құралдармен - электрондық немесе механикалық, оның ішінде фотокөшіру және микрофильмге түсіру арқылы қайта жариялануы мүмкін емес.

Мазмұны

Халықаралық электр байланысы одағының Жарғысына түзету құжаты (Женева, 1992 ж.)

(Өкілетті конференция қабылдаған түзетулер (Киото, 1994 ж.))

9-бап	Сайлауға қатысты қағидаттар мен оларға байланысты мәселелер
28-бап	Одақтың қаржысы
II бөлім	Күшіне енетін күні
Қорытынды формула	
Қолдар	

**Халықаралық электр байланысы одағының
Конвенциясына түзету құжаты
(Женева, 1992 ж.)**

**(Өкілетті конференция қабылдаған түзетулер
(Киото, 1994))**

I бөлім	Алғысөз
4-бап	Кеңес
7-бап	Дүниежүзілік радиобайланыс конференциялары
19-бап	Одақ қызметіне әкімшіліктерден өзге бірлестіктер мен ұйымдардың қатысуы
23-бап	Шақырушы үкімет болған кезде Өкілетті конференцияларға шақыру және қатыстыру
24-бап	Шақырушы үкімет болған кезде радиобайланыс конференцияларына шақыру және қатыстыру
32-бап	Конференциялардың және басқа да жиналыстардың ішкі регламенті
33-бап	Қаржы

ҚОСЫМША - Осы Конвенцияда және Халықаралық электр байланысы одағының Әкімшілік регламенттерінде пайдаланылатын кейбір терминдердің анықтамасы

II бөлім Күшіне енетін күні

Қорытынды формула

Қолдар

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭЛЕКТР БАЙЛАНЫСЫ ОДАҒЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫНА ТҮЗЕТУ ҚҰЖАТЫ**

(ЖЕНЕВА, 1992 ж.)

**(Өкілетті конференция қабылдаған түзетулер
(Киото, 1994 ж.))**

I БӨЛІМ. Алғысөз

Халықаралық электр байланысы одағы Жарғысының (Женева, 1992 ж.) тиісті ережелеріне атап айтқанда, Жарғының 55-бабындағы ережелерге орай және оларды орындау үшін Халықаралық электр байланысы одағының Өкілетті конференциясы (Киото, 1994 ж.) осы Жарғыға мынадай түзетулер қабылдады:

8(Ж)-БАП Өкілетті конференция

- ӨЗГ 50 б) соңғы Өкілетті конференциядан кейінгі уақыттағы Одақтың қызметі және Одақтың стратегиялық саясаты мен жоспарлауы туралы Кеңестің есептерін қарайды;
- ӨЗГ 57 і) осы Жарғының 55-бабындағы ережелерге және тиісінше Конвенцияның тиісті ережелеріне сәйкес Одақ мүшелері ұсынған осы Жарғыдағы және Конвенциядағы өзгерістер туралы ұсыныстарды қарайды және қажет болған жағдайда қабылдайды;
- ЖЕК 59А 3. Айрықша жағдайларда екі әдеттегі Өкілетті конференция арасында ерекше мәселелерді қарау үшін күн тәртібі шектелген төтенше Өкілетті конференция:
- ЖЕК 59В а) алдындағы болған әдеттегі Өкілетті конференция шешімімен;
- ЖЕК 59С б) Одақ мүшелерінің үштен екісінің Бас хатшыға жеке өтініші бойынша;
- ЖЕК 59D с) Одақ мүшелерінің кем дегенде үштен екісі мақұлдаған Кеңес ұсынысы бойынша шақырылуы мүмкін.

9(Ж)-БАП Сайлауға қатысты қағидаттар мен оған байланысты мәселелер

- ӨЗГ 62 б) Бас хатшы, Бас хатшының орынбасары, Бюро директорлары және Радиорегламентарлық комитетінің мүшелері Одақ Мүшелері өз азаматтары ретінде ұсынған үміткерлерінің ішінен сайланады, олардың барлығы Одақ Мүшелері болып табылатын әртүрлі елдердің азаматтары болуы тиіс және оларды сайлау барысында тиісті дәрежеде әлем аймақтары арасындағы географиялық үлестің тепе-теңдігі ескерілуге тиісті; сайланатын қызметкерлерге келсек, осы Жарғының 154-тармағында жазылған қағидаттарды тиісті дәрежеде ұстану қажет;
- ӨЗГ 63 с) Радиорегламентарлық комитеттің мүшелері жеке-жеке сайланады; әрбір Одақ Мүшесі бір үміткерді ғана ұсына алады.

II БӨЛІМ. Күшіне енетін күні

Осы құжатта бар түзетулер, барлық жиынтығы бойынша және бірыңғай түзету құжаты түрінде бекіту қабылдану немесе мақұлдану, немесе осы құжатқа қосылу құжаттарын күшіне енетін күнге дейін сақтауға берген Одақ Мүшелері Халықаралық электр байланысы одағының Жарғысы мен Конвенциясының тараптары арасында (Женева, 1992 ж.) 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН тиісті Өкілетті өкілдер Халықаралық электр байланысы одағы Конвенциясының (Женева, 1992 ж.) осы түзету құжатының түпнұсқасына өз қолдарын қойды.

Киотода жасалды, 1994 жылғы 14 қазан

(Қойылған қолдар)

**(Конвенцияның Түзету құжатындағы (1992 ж.) қойылған қолдар
4-22 беттерде қойылған қолдармен бірдей)**

28(Ж)-БАП

Одақтың қаржысы

ӨЗГ 163 (4) Жоғарыда 161-тармаққа немесе 162-тармаққа сәйкес әрбір Одақ Мүшесі таңдап алған жарна класы жоғарыда 161 немесе 162-тармақтарда аталған алты айлық уақыт кезеңі өткеннен кейінгі бірінші екі жылдық бюджетке қолданылады.

II БӨЛІМ. Күшіне енетін күні

Осы құжатта бар түзетулер, барлық жиынтығы бойынша және бірыңғай түзету құжаты түрінде бекіту, қабылдану немесе мақұлдану, немесе осы құжатқа қосылу құжаттарын күшіне енетін күнге дейін сақтауға берген Одақ Мүшелері - Халықаралық электр байланысы одағының Жарғысы мен Конвенциясының тараптары арасында (Женева, 1992 ж.) 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН тиісті Өкілетті өкілдер Халықаралық
электр
байланысы одағы Жарғысының (Женева, 1992 ж.) осы түзету құжатының
түпнұсқасына өз қолдарын қойды.

Киотода жасалды, 1994 жылғы 14 қазан

Алжир Халықтық Демократиялық Республикасы атынан:

ALI HAMZA

Германия Федеративті Республикасы атынан:

ULRICH MOHR

EBERHARD GEORGE

Андорра Князьдігі атынан:

RICARD RODRIGO MONSONIS

Ангола Республикасы атынан:

VIRGILIO MARQUES DE FARIA

Сауд Аравиясы Корольдігі атынан:

SAMI S. AL-BASHEER

Аргентина Республикасы атынан:

OSCAR MARTIN GONZALEZ

EDUARDO ANGEL KATSUDA

GUILLERMO E. NAZAR

Австралия атынан:

W.J. HENDERSON

C.L. OLIVER

Австрия атынан:

ALFRED STRATIL

WALTER KUDRNA

JOSEF BAYER

Багам Аралдарының Бірлестігі атынан:

BARRET A. RUSSEL

LEANDER A. BETHEL

JOHN A.M. HALKITIS

Бахрейн Мемлекеті атынан:

ABDUL SHAHEED AL-SATEEN

Бангладеш Халық Республикасы атынан:

FAZLUR RAHMAN

MAZHAR-UL-HANNAN

Барбадос атынан:

JACQUELINE WILTSHIRE-FORDE

Беларусь Республикасы атынан:

VALASHCHUK VASIL

Бельгия атынан:

ERIC VAN HEESVELDE

Бенин Республикасы атынан:

SEIDOU AMADOU

BACHABI FLAVIEN

VIGNON HONORE

Бутан Корольдігі атынан:

TSHERING DORJI

Боливия Республикасы атынан:

RAUL J. CAMPERO PAZ

Босния және Герцоговина Республикасы атынан:

OSMAN MUSIC

Ботсвана Республикасы атынан:

ARMANDO V. LIONJANGA
OLEBILE GABORONE

Бразилия Федерациялық Республикасы атынан:

JORGE DE MORAESJARDIM FILHO
LOURENCO NASSIB CHENAB

Бруней-Даруссалам атынан:

HJ. MARSAD BIN HJ. ISMAIL
PG. HJ. MOHD ZAIN PG. HJ. ABD RAZAK

Болгария Республикасы атынан:

K. MIRSKI
N. DICOV

Буркина Фасо атынан:

BRAHIMA SANOU

Бурунди Республикасы атынан:

NGENDABANKA FERDINAND
NIYOKINDI FIACRE

Камбоджа Корольдігі атынан:

SO KHUN

Камерун Республикасы атынан:

DAKOLE DAISSALA
BISSEK HERVE GUILLAUME
ANGOULA DIEUDONNE
TALLAH WILLIAM
MAGA RICHARD
WANMI FRANCOIS
KAMDEM-KAMGA EMMANUEL
DJOUAKA HENRI

Канаданың атынан:

PIERRE GAGNE

Кабо-Верде Республикасы атынан:

ANTONIO PEDRO DE SOUSA LOBO

Орталық Африка Республикасы атынан:

JOSEPH-VERMOND TCHENDO
JOSEPH BOYKOTA ZOUKETIA
PHILIPPE MANGA-MABADA

Чилидің атынан:

MARIA ELIANA CUEVAS

Қытай Халық Республикасы атынан:

WUJICHUAN ZHAO XINTONG

Кипр Республикасы атынан:

LAZAROS S. SAVVIDES

Ватикан Қала-мемлекеті атынан:

PIER VINCENZO GIUDICI

Колумбия Республикасы атынан:

HECTOR ARENAS NEIRA

Комор Аралдары Федералды Ислам Республикасы атынан:

AHMED YAHAYA

Корей Республикасы атынан:

DONG-YOON YOON
SUNG-DEUK PARK
JONG-SOON LEE
SUNG-HAE LEE
YOUNG-KIL SUH
CHANG-HWAN PARK
MYUNG-SUN CHOI

Коста-Риканың атынан:

Кот д'Ивуар Республикасы атынан:

AKOSSI AKOSSI
YAO KOUAKOUJEAN-BAPTISTE

Хорватия Республикасы атынан:

DOMINIK FILIPOVIC

Кубаның атынан:

FERNANDEZ MAC-BEATH HUGO

Данияның атынан:

ERIK MOLLMAN
METTEJ. KONNER
HANS ERIKSEN

Джибути Республикасы атынан:

ABDOUSAZAK ALI ABANEH

Египет Араб Республикасы атынан:

MAHMOUD EL-NEMR

Эль-Сальвадор Республикасы атынан:

JEFFREY H. SMULYAN

Біріккен Араб Эмираттары атынан:

ABLULLA AL MEHREZI

Эквадордың атынан:

ADOLFO LOZA ARGUELLO

Испанияның атынан:

JAVIER NADAL ARINO

Эстония Республикасы атынан:

JURI JOEMA

Америка Құрама Штаттары атынан:

JEFFREY H. SMULYAN

Эфиопияның атынан:

FIKRU ASFAW
GELANEH TAYE

Фиджи Республикасы атынан:

TURAGANIVALU JOSUA
VADA MARIKA

Финляндияның атынан:

REIJO SVENSSON

Францияның атынан:

JEAN BRESSOT
DOMINIQUE GARNIER
LUCIEN BOURGEAT

Габон Республикасы атынан:

JOCKTANE CHRISTIAN DANIEL
MASSIMA LANDJI JEAN JACQUES
ESSONGHE EWAMDONGO SERGE

Гамбия Республикасы атынан:

BAKARY K. NJIE
MOMODOU MAMOURJAGNE

Грузия Республикасы атынан:

K. MIRSKI

Гананың атынан:

DZANG C. K.

Грецияның атынан:

VASSILIOS COSTIS
ANASTASE NODAROS

Гвинея Республикасы атынан:

MAMADOU MAMAL DIALLO
SQUARE SOULEYMANE
SOW MAMADOU DIOULDE

BARRY MAMADOU PATHE

Гайананың атынан:

RODERICK SANATAN

Венгрия Республикасы атынан:

KALMAN KOVACS

Үндістан Республикасы атынан:

M.G. KULKARNI

A.M. JOSHI

R.J.S. KUSHVANA

Индонезия Республикасы атынан:

JONATHAN L. PARAPAK

DJAKARIA PURAWIDJAJA

Иран Ислам Республикасы атынан:

HOSSEIN MAHYAR

Ирландияның атынан:

S. FITZGERALD

S. MAC MAHON

Исландияның атынан:

THORVARDUR JONSSON

Израиль Мемлекеті атынан:

R.H. MENACHEM OHOLY

Италияның атынан:

ANTONELLO PIETROMARCHI

Ямайканың атынан:

ROY R. HUMES

Жапонияның атынан:

YOHEI KONO

Иордан Хашимиттік Корольдігі атынан:

HUMOUD JABALI

Қазақстан Республикасы атынан:

ALIGOUJINOV SERIK

Кения Республикасы атынан:

DALMAS OTIENO ANYANGO

SAMSON K. CHEMAI

MURIUKI MUREITHI

ALICE KOECH

DANIEL K. GITHUA

REUBEN M.J.SHINGIRAH

SAMWEL OUMA OTIENO

WILSON NDUNGU WAINAINA

Кувейт Мемлекеті атынан:

ADEL AL-IBRAHIM

SAMI KHALED AL-AMER

MUSTAFA H. HASHEM

ABDUL-RAHMAN A. AL-SHATTI

ABDUL WAHAB A.H. AL-SANEEN

ABDULRAKIM H. SALEEM

SAMEERA MOHAMD

Лаос Халық-Демократиялық Республикасы атынан:

KHAMSING SAYAKONE

Лесото Корольдігі атынан:

SELLO MOLUPE

Латвия Республикасы атынан:

GUNTIS BERZINS

JANIS LELIS

Бұрынғы Югославия Республикасы Македония атынан:

MAKSIM ANGELEVESKI

Ливанның атынан:

SAMIR CHAMMA
MAURICE GHAZAL

Ливия Араб Социалистік Халық Жамахириясы атынан:

HODA BUKHARI
GHERWI ALI MOHAMED
ZAKARIA EL-HAMMALI
AMER SALEM OUN
EL-MAHJOUB AMMAR

Лихтенштейн Князьдігі атынан:

FREDERIC RIEHL

Люксембургтың атынан:

PAUL SCHUN
CHARLES DONDELINGER

Мадагаскар Республикасы атынан:

ANDRIAMANJATO NY HASINA

Малайзияның атынан:

HOD PARMAN
ZAKARIA CHE NOOR

Малавидің атынан:

STEVENJILES FOSTER SMITH MIJIGA
MANSON MIKE MAKAWA
EWEN SANGSTER HIWA

Мальдив Аралдары Республикасы атынан:

HUSSAIN SHAREEF

Мали Республикасы атынан:

IDRISSA SAMAKE

Мальтаның атынан:

JOSEPH BAROLO
GEORGE J. SPITERI
RONALD AZZOPARDI CAFFARI

Марокко Корольдігі атынан:

WAKRIM MOHAMED

Маврикий Республикасы атынан:

RAMESSH C. GOPEE

Мавритания Ислам Республикасы атынан:

SIDI OULD MOHAMED LEMINE

Мексиканың атынан:

LUIS MANUEL BROWN HERNANDEZ

Молдова Республикасы атынан:

ION CASIAN
ION COSHULEANU

Монако Князьдігі атынан:

E.FRANZI

Монғолияның атынан:

TSERENDASH DAMIRAN

Мозамбик Республикасы атынан:

RUI JORGE GOMES LOUSA
RUI JORGE LOURENCO FERNANDES
JOAO JORGE

Намибия Республикасы атынан:

MARCO MUKOSO HAUSIKI SACY AMUNYELA

Непалдың атынан:

PURUSHOTTAM LAL SHRESTHA

Нигер Республикасы атынан:

MALIKI AMADOU
TINNI ATE

SADOU MOUSSA
Нигерия Федерациялық Республикасы атынан:
TITILOLA ADEWALE ODEGBILE
E.B. OJIBA
Норвегияның атынан:
JENS C. KOCH
Жаңа Зеландияның атынан:
IAN R. HUTCHINGS
MARK E.HOLMAN
ALANC.J.HAMILTON
Оман Сұлтандығы атынан:
NOOR BIN MOHAMED ABDUL REHMAN
Уганда Республикасы атынан:
FRANCIS PATRICK MASAMBU
WILSON OTONYO WANYAMA
Өзбекстан Республикасы атынан:
RAKHIMOV K.R.
Пакистан Ислам Республикасы атынан:
NAZIR AHMED
Папуа-Жаңа Гвинеяның атынан:
AIWA OLMİ
DAVID KARIKO
ROBERT TOVI
ANNESLEY DE SOYZA
Парагвай Республикасы атынан:
FEDERICO M. MANDELBURGER
Нидерланд Корольдігі атынан:
A. DE RUITER
Перудің атынан:
CHIAN CHONG CARLOS
Филлиппин Республикасы атынан:
JOSEFINA T. LICHAUCO
KATHLEEN G. HECETA
Польша Республикасы атынан:
WOJCIECH MARIAN HALKA
Португалияның атынан:
FERNANDO ABILIO RODRIGUES MENDES
LUIS M.P. GARCIA PEREIRA
LUCIANO S. PEREIRA DA COSTA
PAULO J. PONTES T. DE OLIVEIRA
JOSE A. SILVA GOMES
CARLOS ALBERTO ROLDAO LOPES
Катар Мемлекеті атынан:
HASHEM A. AL-HASHEMI
ABDULWAHED FAKHROO
Сирия Араб Республикасы атынан:
SULIMAN MANDO
Қырғыз Республикасы атынан:
BEKTENOV E.
Словак Республикасы атынан:
VANEK STANISLAV
Чех Республикасы атынан:
MARCELA GURLICHOVA
Румынияның атынан:
TURICU ADRIAN
Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама
Корольдігінің атынан:

MICHAEL GODDARD
NEIL MCMILLAN
MALCOLM JOHNSON
SUSAN BISHOP
Ресей Федерациясы атынан:
VLADIMIR BOULGAK
Сан-Марино Республикасы атынан:
LUCIANO CAPICCHIONI
IVO GRANDONI
MICHELE GIRI
Сент-Винсент және Гренадина атынан:
JEREMIAH C. SCOTT
Батыс Самоа Тәуелсіз Мемлекеті атынан:
SAPA'U RUPERAKE PETAIA
Сенегал Республикасы атынан:
ABDOULAYE ELIMANE KANE
ALADJI AMADOU THIAM
CHEIKN A. TIDIANE NDIONGUE
SOULEYMANE MBAYE
Сингапур Республикасы атынан:
LIM CHOON SAI
LOO HUI SU
VALERIE D' COSTA
Словения Республикасы атынан:
ERICH-JANEZ GRIL
Судан Республикасы атынан:
MUSTAFA IBRAHIM MOHAMED
ABDELWANAB GAMAL MOHAMED
Оңтүстік Африка Республикасы атынан:
PALLO JORDAN
Швецияның атынан:
CURT ANDERSSON
Швейцария Конфедерациясы атынан:
FREDERIC RIEHL
Суринам Республикасы атынан:
L.C. JOHANNNS
R.G. ADAMA
REGEMI F.CH. ERASER
M.ERWIN EMANUELS
Свазиленд Корольдігі атынан:
EPHRAIM S.F. MAGAGULA MA
BUEKILANGA S. MALINGA
ALFRED FANUKWENTE MANANA
BASILIO FANUKWENTE MANANA
Тәжікстан Республикасы атынан:
RAKHIMOV K.R.
Танзания Біріккен Республикасы атынан:
ADOLAR BARNABAS MAPUNDA
EMMANUEL NATHANIEL OLEKAM BAINEI
Чад Республикасы атынан:
HADJARO BARKAYE
DJASSIBE TINGABAYE
HAROUN MAHAMAT
Таиландтың атынан:
ASWIN SAOVAROS KITTI YUPHO
Того Республикасы атынан:
AYIKOE PAUL KOSSIVI ABLIY-BIDAMON DEDERIWE

Тонга Корольдігі атынан:
SIONE KITE
Тунистің атынан:
RIDHA AZAIE
Түрікменстанның атынан:
VALASHCHUK VASIL
Түркияның атынан:
VELI BETTEMIR CENGIZANIK
Украинаның атынан:
KLIKICH ANATOLY
RESHETNYAK VOLODYMYR
Уругвай Шығыс Республикасы атынан:
JUAN DE LA CRUZ SIL VEIRA ZAVALA
LUAN JOSE CAMELO ABECEIRA
Венесуэла Республикасы атынан:
JOSE ANTONIO RODRIGUES
Вьетнам Социалистік Республикасы атынан:
MAI LIEM TRUC
Йемен Республикасы атынан:
ABDELGADER A. IBRAHIM
Замбия Республикасы атынан:
SYAMUNTU MUKULI MARTIN
Зимбабве Республикасы атынан:
LAMECH T.D.MARUME
JOSHUA CHIDEME
DZIMBANHETE FREDSON MATAVIRE

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭЛЕКТР БАЙЛАНЫСЫ ОДАҒЫНЫҢ КОНВЕНЦИЯСЫНА ТҮЗЕТУ ҚҰЖАТЫ (ЖЕНЕВА, 1992 ж.)

**(Өкілетті конференция қабылдаған түзетулер
(Киото, 1994 ж.))**

I БӨЛІМ. Алғысөз

Халықаралық электр байланысы одағы Конвенциясының тиісті ережелеріне (Женева, 1992 ж.), атап айтқанда Конвенцияның 42-бабындағы ережелерге орай және оларды орындау үшін Халықаралық электр байланысы одағының Өкілетті конференциясы (Киото, 1994 ж.) осы Конвенцияға мынадай түзетулерді қабылдады:

4(К)-БАП Кеңес

ӨЗГ 50 1. Кеңес мүшелерінің санын төрт жылда бір рет өткізілетін Өкілетті конференция анықтайды.

ЖЕК 50А 2. Бұл сан Одақ Мүшелерінің жалпы санының 25%-нан аспауға тиіс.

ӨЗГ 80 (14) Жарғының 49 және 50-баптарында көрсетілген барлық халықаралық ұйымдармен үйлестіру ісіне жауапты болады және осы мақсатта Одақ атынан Жарғының 50-бабында және Конвенцияның 260 және 261-тармақтарында көрсетілген халықаралық ұйымдармен, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Халықаралық электр байланысы одағы арасындағы Келісімді орындау үшін Біріккен Ұлттар Ұйымымен уақытша келісімдер жасасады; осы уақытша келісімдерді Жарғының 8-бабының тиісті ережелеріне сәйкес келесі Өкілетті конференция ұсынады;

7(К)-БАП

Дүниежүзілік радиобайланыс конференциялары

ӨЗГ 118 (2) Осы күн тәртібінің жалпы шеңбері алдын ала төрт жыл бұрын белгіленеді, ал түпкілікті күн тәртібін Кеңес осы Конвенцияның 47-тармағының ережелерін сақтау шартымен Одақ Мүшелерінің көпшілігімен келісім бойынша конференциядан екі жыл бұрын белгілегені абзал. Күн тәртібінің бұл екі нұсқасы осы Конвенцияның 126-тармағының Ережелеріне сәйкес дүниежүзілік радиобайланыс конференциясының ұсынымдарына негізделетін болады.

19(К)-БАП

Одақтың қызметіне әкімшіліктен өзге бірлестіктер мен ұйымдардың қатысуы

ӨЗГ 239 9. Жоғарыда 229 немесе 230-тармақтарда көрсетілген бірлестік немесе ұйым, егер Одақ Мүшесі тиісті Бюроның директорына олар осыған уәкілеттендірілгенін хабарласа, оларды таныған Одақ Мүшесі атынан іс-әрекет жүргізе алады.

23(К)-БАП

Шақырушы үкімет болған кезде Өкілетті конференцияларға шақыру және қатыстыру

ӨЗГ 258 3. Бас хатшы бақылаушы ретінде мыналарды шақырады:

ЖЕК 262А е) осы Конвенцияның 229-тармағында аталған бірлестіктер мен ұйымдар, сондай-ақ осы бірлестіктер мен ұйымдарды білдіретін халықаралық сипаттағы ұйымдар.

(ӨЗГ) 269 h) 259-262А тармақтарға сәйкес шақырылған ұйымдар мен мекемелерден бақылаушылар.

24(К)-БАП

Шақырушы үкімет болған кезде Радиобайланыс конференцияларына шақыру және қатыстыру

ӨЗГ 271 2. (1) Радиобайланыс конференцияларына, осы Конвенцияның 262А тармағын қоспағанда, 256-265 тармақтары қолданылады.

32(К)-БАП

Конференциялар мен басқа да жиналыстардың ішкі регламенті

ӨЗГ 379 (2) Дауысқа салуға жататын барлық маңызды ұсыныстардың мәтіндері оларды талқылауға дейін зерделеу үшін конференцияның жұмыс тілдерінде алдын ала таратылады.

33(К)-БАП*

Қаржы

ӨЗГ-СІЗ 275 4. 259-262 тармақтарда айтылған ұйымдардың және осы Конвенцияның 19-бабының ережелеріне сәйкес Одақтың қызметіне қатысуға құқылы бірлестіктердің жарналарына қатысты мынадай

ережелер қолданылады.

* Конвенцияның 476-486 тармақтарының номерлері ғана өзгертілген.

- (ӨЗГ) 476 (1) Осы Конвенцияның 259-262 тармақтарында айтылған ұйымдар, Өкілетті конференцияға Одақ Секторына немесе халықаралық электр байланысы жөніндегі дүниежүзілік конференцияға қатысатын халықаралық сипаттағы басқа да ұйымдар, егер тек оларды Кеңес өзара тілектестік негізде босатпаса, жағдайға байланысты төмендегі 479-481 тармақтарға сәйкес конференциялардың немесе Сектордың шығындарын жабуға қатысады.
- (ӨЗГ) 477 (2) осы Конвенцияның 237-тармағында аталған тізімдерде орын алған бірлестіктер немесе ұйымдар төмендегі 479 және 480-тармақтарға сәйкес Сектордың шығындарын жабуға қатысады.
- (ӨЗГ) 478 (3) Осы Конвенцияның 237-тармағында аталған тізімдерде орын алған, радиобайланыс конференциясына, халықаралық электр байланысы жөніндегі дүниежүзілік конференцияға немесе олар мүшесі болып табылмайтын Сектор конференциясына немесе ассамблеясына қатысушы бірлестіктер немесе ұйымдар төмендегі 479 және 481-тармақтарға сәйкес конференцияның немесе ассамблеяның шығындарын жабуға қатысады.
- (ӨЗГ) 479 (4) 476, 477 және 478 тармақтарда сөз болып отырған жарналар, тек қана Одақ Мүшелеріне арналған 1/4, 1/8 және 1/16 бірлік жарна кластарын қоспағанда (соңғы айрықшалықтың Электр байланысын дамыту секторына қатысы жоқ), жоғарыда 468-тармақтағы жарна бірліктері шкаласының негізінде еркін таңдалады; таңдалып алынған класс туралы Бас хатшыға хабарланады; кез келген бірлестік немесе ұйым кез келген уақытта өздері бұрын қабылдағаннан жоғары класты таңдай алады.
- (ӨЗГ) 480 (5) Әрбір Сектордың шығындарын төлеу жөніндегі жарна бірлігінің шамасы Одақ Мүшелері жарналарының 1/5 бірлігі болып белгіленеді. Бұл жарналар Одақтың кірісі ретінде қаралады. Оларға пайыздар жоғарыдағы 474-тармақтың ережелеріне сәйкес есептеледі.
- (ӨЗГ) 481 (6) Конференцияның немесе ассамблеяның шығындарын төлеу бойынша жарналар бірлігінің шамасы осы конференцияның немесе ассамблеяның бюджетінің жалпы шамасын Одақтың шығындарын төлеу үшін Мүшелер енгізетін жарна бірлігінің жалпы санына бөлу арқылы белгіленеді. Бұл жарналар Одақтың кірісі ретінде қаралады. Оларға мөлшері жоғарыдағы 474-тармақта анықталған пайыздар шоттар жіберілгеннен кейін алпысыншы күннен бастап есептеледі.
- (ӨЗГ) 482 (7) Жарна бірліктерінің санын азайту тек Жарғының 28-бабының тиісті ережелерінде жазылған қағидаттарға сәйкес мүмкін болады.
- (ӨЗГ) 483 (8) Қандай да бір Сектордың жұмысына қатысудан бас тарту немесе осындай қатысуды тоқтату жағдайында (осы Конвенцияның 240-тармағына қараңыз), жарна бас тарту немесе тоқтату күшіне енген айдың соңғы күніне дейін төленеді.

- (ӨЗГ) 484 5. Бас хатшы жарияланымдардың сатылу құнын, басу мен тарату шығындары, әдетте, осы жарияланымдарды сату арқылы өтелетінін ескере отырып, анықтайды.
- (ӨЗГ) 485 6. Одақта негізгі шығындарды жабуға мүмкіндік беретін айналым капиталын құрайтын резерв қоры және мүмкіндігінше заем алуға әкелмейтін жеткілікті қолма-қол резервтері болуы тиіс. Резерв қорының мөлшерін Кеңес жыл сайын күтіліп отырған қажеттіліктерді негізге ала отырып белгілейді. Әрбір екі жылдық бюджеттік кезеңнің соңында, жұмсалмаған немесе салынбаған бүкіл бюджеттік кредиттер резервтік қорға салынады. Осы қор туралы басқа егжей-тегжейлі мәселелер Қаржылық регламентте көрсетіледі.
- (ӨЗГ) 486 7. (1) Үйлестіру комитетімен келісе отырып, Бас хатшы ерікті жарналарға байланысты жағдайлар Одақтың мақсаттар мен бағдарламаларына, сондай-ақ конференция қабылдаған бағдарламаларға сәйкес келеді және ерікті жарналарды қабылдау және пайдалану жөніндегі айрықша ережелері бар Қаржылық регламентке сәйкес келеді деген шартпен ерікті жарналарды ақшамен немесе өніммен қабылдауы мүмкін.
- ӨЗГ-СІЗ 487 (2) Осындай ерікті жарналар туралы Бас хатшы Кеңеске ағымдағы қаржылық есепте, сондай-ақ әрбір шығу, ұсынылған пайдалану жағдайы және әрбір ерікті жарнаға қатысты қабылданған іс-қимыл қысқаша көрсетілетін құжатта хабарлайды.

(К) ҚОСЫМШАСЫ

ӨЗГ 1002 Бақылаушы: осы Конвенцияның тиісті ережелеріне сәйкес:

- Өкілетті конференцияның, Сектор конференциясының немесе жиналысының жұмысына кеңесші дауыс құқығымен қатысу үшін Біріккен Ұлттар Ұйымы, Біріккен Ұлттар Ұйымының мамандандырылған мекемесі, Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік, электр байланысының аймақтық ұйымы немесе спутник жүйелерін пайдаланатын үкіметаралық ұйым,

- Сектор конференциясының немесе жиналысының жұмысына кеңесші дауыс құқығымен қатысу үшін халықаралық ұйым,

- Аймақтық конференцияның жұмысына дауыс беру құқығынсыз қатысу үшін Одақ Мүшесінің үкіметі, немесе

- Конвенцияның 229-тармағында көрсетілген бірлестік немесе ұйым, немесе осындай бірлестіктерді немесе ұйымдарды білдіретін халықаралық сипаттағы ұйым жіберген тұлға.